

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
№ 2 «ДАРЫН» ОБЛЫСТЫҚ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫ» КММ
БҰЙРЫҚ**

1 қыркүйек 2023 жыл
Астана қаласы

**КГУ «ОБЛАСТНАЯ
СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ
ШКОЛА-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТ № 2
«ДАРЫН» ГОРОДА АСТАНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ПРИКАЗ**

№ 38
город Астана

**Тамақтану сапасының мониторингі
жөніндегі бракераждық комиссия
құру туралы**

Мектеп-лицей-интернат асханасында тамақтану сапасын бақылау мақсатында «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылы оқушылардың сапалы тамақтануын және тамақтардың сапасын мерзімді түрде бақылау мақсатында бракераждық комиссия құрылсын.

2. Бракераждық комиссия төмендегі құрамда құрылсын:

Комиссия төрағасы:

Шамуратова Р.Ш. – мектеп-лицей-интернат директоры

Комиссия мүшелері:

Есмаганбетова Б.Н. – директордық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

Мерекова В.А. – диетбике;

Алимбекова Ж.К. - жатақхана меңгерушісі;

Ахметова К.Н. - қойма меңгерушісі;

Искакова Ж.Б. - ата-аналар комитетінің мүшесі;

Манабаева Г.Д. - қамқоршылық кеңес төрайымы.

3. Комиссияның міндеттеріне келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуына, дайындалған тағамдарын сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық асмәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізу кіреді.

4. Комиссия жұмысының қорытындысы білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастыру үшін ақпарат түрінде рәсімделеді.

5. Бракераж комиссиясының жұмыс мерзімінің ұзақтылығы: 2023-2024 оқу жылы толық аяқталғанға дейін.

6. Бракераж журналын жүргізу жауапкершілігі диетбике В.Мерековаға жүктелсін.

7. Бұйрықтың орындалуын қадағалау өзіме қалдырамын.

Мектеп-лицей-интернат директоры



Р.Ш.Шамуратова

Таныстым:

Есмаганбетова Б.Н. *ЕБН*

Мерекова В.А. *ВА*

Алимбекова Ж.К. *ЖК*

Ахметова К.Н. *АН*

Искакова Ж.Б. *ЖБ*

Манабаева Г.Д. *МД*